

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАН ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ

Қабиден Д., ГИ- 22-2к тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор **Карсыбаева Ж.А.**

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Ұлы Отан Соғысы халық жадында мәңгілікке сақталатын тарихи оқиғалардың бірі болып табылады. 1941 жылдың 22 маусымында КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы В.Молотовтың фашистік Германияның қасақана шабуылы туралы «Біздің ісіміз дұрыс! Дұшпан жеңіліске ұшырайды. Жеңіс біздікі болады!» деген сөзі радиодан тыңдатылды. Совет халқымен бірге қазақстандық қыз келіншектерде ер азаматтармен иық тіресіп, майдандағы қанды отта ержүректілік танытты. Қыз-келіншектер соғыстың алғашқы жылдарында майдан шебіне бірден шақырылмады. 1941 жылдың 17 қыркүйегіндегі «О всеобщем обязательном обучении военному делу граждан СССР», жарлығына сәйкес 16 дан 50 жасқа дейінге ер азаматтар 110 сағаттан тұратын оқу жатығуларынан өткен. Алайда әскери кадрлардың тапшылығына байланысты басшылық қыз-келіншектерді белсенді түрде соғысқа тарта бастады. Ұлы Отан Соғысына қыз-келіншектердің қатысуын кеңестік тарихнамада үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. 1941-1945 жылдар - әскери;
2. 1945–1956 жылдар - соғыстан кейінгі кезең;
3. 1956-1964 жылдар - коммунистік партияның XX съезінен кейінгі кезең [1].

Тарихшылардың қыз-келіншектердің майдан алаңындағы рөлі туралы жазылған тарихи зерттеу жұмыстарының кейбіріне тоқталар болсақ, К.Т.Свердловский «Советская Женщина в Ответственной войне» атты туындысында қыз-келіншектердің майдан және тылдағы еңбегінде алғаш болып баға берген [2]. А.Ф.Шмелевтың «Советская Женщина в Ответственной войне» атты диссертациялық жұмысына В.С.Мурманцева «қыз-келіншектердің Отан қорғаудағы рөліне айрықша тоқтаған» деп баға бреді [3]. Қазіргі таңда, тарихшыларды аса қызықтырып отырған мәселердің бірі Ұлы Отан Соғысына қатысқан қазақстандық қыз келіншектердің рөлін анықтау болып табылады. Отандық қыз-келіншектердің майдан алаңы мен тылдағы еңбектері туралы З.Ж.Мардано «Павлодарские женщины в Великой Отечественной войне» [4], Б.С.Боранбаев «Ұлы Отан Соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары» [5], З.Г.Сактаганова, Ж.Ж.Турсынова, А.Ж.Смагулов «Женщины Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны. 1941-1945 гг.» [6] атты еңбектерін атауға болады.

1941-1945 жылдар аралығында жалпы Кеңес үкіметі бойынша 800 мың қыз-келіншек соғысқа аттанған. қаһармандықтары үшін мемлекеттік марапаттауларға ие болған 150 мыңға жуық қыз-келіншектер орден, мадельдармен, 95 қыз-келіншек Кеңес Үкіметінің батыр атағын алған. Қазақ жерінен Ұлы Отан соғысына қатысқан жалпы адам саны -1 млн 366 мың болса, қыз-келіншек саны -5183 болып табылады. Тарихи дереккөздеріне үнілсек, Шығыс Қазақстан өңірінде 1941 жылдың өзінде 4 ай ішінде әскери комиссаратқа 2471 өтініш түскен бұнын 194 қыз келіншектен [7]. Қазақстандық қыз-келіншектер майдан шебінде түрлі әскери мамандықтарды игеріп ерлік көрсетті. Атап айтсақ, танкист Жамиля Бейсенбаева, тыншы Рахила Ералина, снайпер Малика Тоқтамысова, авиамеханик Мадина Ысқақова, партизанкалар Нұрғаным Байсеитова, Тұрғаш Жұмабаева және Жамал Ақаділова, авитехник Рахмима Есмағанбетова, Зоя Григорьева, Лидия Жолковская, Анна Луб, Александра Тележинская, Шагила Құсанова, 191-ші атқыштар дивизиясында ерлік көрсеткен қазақстандық хирург Мархабат Түкебаева болды.

Орталық Қазақстан соғысқа қатысқан қыз келіншектерге толығымен тоқталар болсақ, 1941 жылы Қарағанды облысы әскери комиссаратына 25 мың өтініш түсті, бұның 10 мыңы қыз келіншектерден. 1942 жылы мамыр айында Қарағандылық 50 қыз-келіншек

майданға аттанған. Қарағандылық қыз-келіншектер Мәскеу, Ленинград, Сталинград, Курск шайқасында, Украина, Молдавия, Румыния, Венгрия, Австрия жеріндегі соғыстарда ерлік көрсетті.

Соғыстың бастапқы кезеңінде 1941-1942 жылдары 1105 қарағандылық майданда мерт болды, 4 әйел адам: Надежда Грязнева, Зинаида Левина, Лилия Мокозов, Зинаида Пушкарь. Ленинградды қорғау барысында 1813 қарағандылық қайтыс болған, ішінде 1 әйел адам аға сержант, аспазшы - Екатерина Нечаева Ивановна. Мәскеу түбіндегі шайқасқа 1285 қарағандылық қатысып қайтып оралмаған, олардың ішінде 2 әйел адам: Любовь Конникова, Нина Смирнова,

Нұра ауданының тумасы Ералина Рахила небәрі 20 жасында өз еркімен соғысқа 1942 жылдың мамыр айында аттанған. Өз естелігінде «...Майдан шебіне қатысуға әскери комиссариатта өз еркімен барып өтініш білдірдім. Коммисарат басшысы полковник Гончаров еді. Тек үшінші рет жазған өтінішімді қабылдады, менде 50 еркіті қыз-келіншектің қатарына қосылдым...» деп соғысқа аттанған сәттерін есіне түсірген [8]. Қарағанды облысынан Саратов әуе кемесі экскурсиялық мектебіне дайындық курстарына жіберілді, онда ұшақпен ұшып, ұшақтан секіруге, жаудың маңызды әскери нысандарын суретке түсіруге, фильмдерді көрсетуге және басшылыққа тапсыруды үйренді. Курсты аяқтағаннан кейін Ералина Рахила Сталинград майданына жіберілді. 1944 жылы барлау рейстердің бірінде ауыр жараланып, 6 ай бойы ауруханада ем алған, кейін Қарағандыға жіберілді. Елге келгеннен кейін 1949 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина университетіне оқуға түскен. Оқуын тәмамдағаннан кейін Алматы қаласындағы №1 перзентханада акушер-гинеколог, бас дәрігердің орынбасары, 1958-1979 жылдары бас дәрігер қызметінде жұмыс атқарған. 1979 жылы Ералина Рахила Көкшетауға қоныс аударып, қалалық перзентханада хирургиялық бөлімінің бастығы болып жұмыс істеген. Ералина Рахила гинекология саласында өзіндік үлесін қосқан ардақты дәрігер. Қарағандылық батыр қыз еңбегі ҚазССР-нің еңбек сіңірген дәрігері атағы және «Денсаулықтың еңбегі сіңген қызметкері» төс белгісімен марапатталған.

Кузьменко-Кутищева Раиса Филиповна 1923 жылы Саратов облысының Дерчагов ауданында дүниеге келіп, 1936 жылы отбасымен Қарағандыға көшіп келген. 1939 жылы ол 10 сыныпты бітіріп, 1942 жылдың мамыр айына дейін мұнай саласының базасында жұмыс істеген. Қарағандының 50 қызымен бірге Вольск қаласындағы авиациялық мектепте радио қабылдағыштарды дайындау курсынан өткеннен кейін, 3-украин майданының 659-шы жауынгерлік авиациялық полкіне еңбек еткен. Соғыста сержант дәрежесінде дейін көтеріліп, Сталинград, Одесса, Керчь, Воронежді азат етуге қатысқан. 1944 жылы Молдовада соғысқа қатысып, денсаулық жағдайына байланысты Қарағандыға қайтып, зейнет жасына дейін тұтынушылар одағында жұмыс істеген. Раиса Филиповна соғыстағы ерең еңбегі үшін «Белградты басып алу үшін», «Сталинградты басып алу үшін», «Венаны басып алу үшін» әскери марапаттарға ие болды [6, 906].

Түлкібекова Үміт Жұмаділовна –Осакаровка ауданының тумасы. 1941 жылы өз еркімен соғысқа аттып, Батыс-Шығыс әскери теміржол көлігінде теміржолшылардың көмекшісі ретінде қызмет еткен. 1942 жылы Үміт Жұмаділовна қызмет кеткен Мәскеу пойызы бомбалған. Ауыр жаратқан елге оралып, 1947 жылға дейін аймақтық қауіпсіздік комитетінде қызмет еткен. 90

Шинкевич Мария Ефимовна 1925 жылы 13 сәуірде Қарағанды облысының Ростовка дүниеге келген. Соғыстың алғашқы жылдарында Мария Ефимова тылдағы жұмысқа белсене түрде қатысқан. 1944 жылы Осакаровка әскери комитеті қыздарға арналған әскери дайындығының 110 сағаттық жаттығу бағдарламасынан өтіп, «Морз» алфавитін зерттеп, жауынгерлік винтовка, пластунмен жүруді үйренген. Мария Ефимовнаның естелігінде: «1944 жылы РВК-да әскери комиссарды осы топтағы екі қызды, мені және менің дос қызымды орталық әйелдер мектебіне снайперлік тренингке жіберу үшін шақырады. Осы уақытта мен Осакаровка аудандық комсомол басқармасының комитетінде жұмыс істедім. Бізге Қарағандыға бірден барып,

медициналық комиссиядан өту керек болды. Снайпер мектебіне денсаулығы жақсы, көзі көру қабілеті жоғары, жақсы есту, нерв жүйесі жақсы адамдарды ғана қабылдады. Тек осындай мәліметтермен бірге орталық әйелдер мектебіне снайперлік тренингке қатысуға болады. Қарағанды облыстық военкоматына Жезқазған, Қарсақпай, Ұлытай қалаларынан 12 қыз келді. Қарағандыдан бізді офицерлермен бірге 1943 жылдың сәуір айында құрылған Москва жалпы білім беру бөлімінің Вишняк қаласында орналасқан снайперлік мектепке жіберді. Снайпер мектебінде біз 1944 жылдың наурыз-сәуір айларына келдік, алты айдан кейін бітірдік. Біз үшінші түлегі болып бітірдік. Кейін бізді майданға жіберді». Мария Ефимовна Польша, батыс Пурссия, Орталық Германия мен Чехославия жерлерінде өткен майданға қатысқан. Отанға қызмет көрсеткін еңбегі үшін Шинкевич М.Е. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңу үшін», «Прагадан босату үшін», «Еңбек ардагері», «Кеңес Одағының маршалы Жуков Г.К.» және 10 жылдық мерейтой медальдарымен марапатталған [6, 916]. Соғыс кезінде жанқиярлық жұмысы үшін Қарағанды қаласының 22 әйеліне КСРО ордендерімен және медалдарымен, 39 - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамоталарымен, 65 - «Көмір өнеркәсібінің социалистік конкурсының құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды.

Ата-анасынан ерте айырылған Дәмелі Жакеева өз еркімен соғысқа аттанған. Соғыс жылдары комсомол комитетінде хатшы қызметінде істеп, Киров әскери комитетіне өз еркімен барып, Вольск майдан алаңына түседі. Сталинград, Каунас, Познань, Людлин шайқастарына қатысқан. Дәмелі Жакеева Берлин түбіндегі шайқасқа қатысқан жалғыз қазақ қызы. Соғыс аяқталғаннан кейін Қарағандыға қайта оралады, Киров әскери комитетінде хатшы қызметінде істеп, кейін партия мектебін тәммәмдап, өмірінің соңына дейін Алматыда тұрған.

Қорыта келе, Ұлы Отан соғысы аяқталғалы қанша уақыт өтсе де, майдан мен тылдағы адамдардың Жеңіс үшін жасаған қаһармандық істері кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалады. Соғыс жылдары Қазақстан майдан арсеналы ретінде қызмет атқарды, соның ішінде Орталық Қазақстан өңірі де жеңіске өзіндік үлесін қосты. Майданға 8594 қарағандылық соғысқа аттанды, мұның 593 қыз-келіншектері Отан ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Yeleuhanova S.V., Utebayeva A.D. Women of Kazakhstan during the Great Patriotic War in the Soviet historiography (1941–1964) //Вестник КарГУ Серия «История. Философия». – 2019. – № 3(95) – С.8
- 2 Свердлов К.Т. Советская женщина в Отечественной войне. – М., 1942. – 31 с.
- 3 Мурманцева В.С. Коммунистическая партия – вдохновитель и организатор боевого и трудового подвига советских женщин в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. – М., 1980.
- 4 Марданова З.Ж. Павлодарские женщины в Великой Отечественной войне <http://goo.gl/Ge7IPk>
- 5 Боранбаева Б.С. Ұлы Отан Соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары. – Орал, 2015. – 228 б.
- 6 Сактаганова З.Г., Турсынова Ж.Ж., Смагулов А.Ж. «Женщины Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны. 1941-1945 гг.: монография / Под общ. ред. З.Г.Сактагановой. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2016. – 256 с.
- 7 Большевик Алтая. – 1941. – 10 окт.
- 8 ГАКО. Опись №1 (продолжение) видеодокументов постоянного срока хранения за 1999-2005 гг. 77 ед.уч.